**2024-2025 оқу жылында тәлімгерлікті іске асыратын педагогтің қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және оның мазмұны бойынша іс-шаралар**

| № | Қызмет мазмұны | Жұмыс нысаны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтердің резервін қалыптастыру | Әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша барлық «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтердің кандидатурасы педагогикалық кеңестің отырысында қаралады | Тамыз |
| 2 | Жас маманға тәлімгер бекіту | Орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығы | Педагог жұмысқа қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей |
| 3 | Тәлімгерлікті тағайындау туралы бұйрықпен таныстыру | Педагог пен жас маманға «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БжҒМ-нің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен, орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен таныстыру және бейімдеу жоспарын жасауға практикалық көмек көрсету | Бұйрық шыққан күні |
| 4 | Тәлімгер педагогтің кәсіби дайындық деңгейін анықтайды. | Тәлімгері педагогпен сауалнама, кәсіби сұхбат, тест, психологиялық тест, жаттығулар, | Бұйрық шыққан күннен бастап күнтізбелік 10 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сынақтан өткізу, сұрақ-жауап т.б. тәрізді таңдауы бойынша бір немесе бірнеше еркін форматта кәсіби дайындық деңгейін анықтауға бағытталған жұмыс жүргізеді | (он) күн ішінде |
| 5 | Педагогтің дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика | Тәлімгер диагностика нәтижелерін ескере отырып, бір оқу жылы кезеңіне арналған тәлімгерлік жоспарын әзірлейді. | күнтізбелік 10 (он) күннің соңындағы 5 (бес) жұмыс күні ішінде |
| 6 | Тәлімгерлік жоспарын бекіту | Тәлімгерлік жоспары басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарымен келісіледі және орта білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. | |
| 7 | Тәлімгерлік жоспарының іске асырылуы және кәсіби даму, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмыс | Тәлімгерлік жоспарындағы жұмыс түрлері, педагог-психологтың, тәлімгерінің, гимназия әкімшілігінің, қажеттілікке қарай жұмылдырылатын тәжірибелі мамандардың жас маманды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуі жүзеге асады. | Бір оқу жылы ішінде |
| 8 | Жас маман орта білім беру ұйымының тәлімгері мен басқа да педагогтерінің сабақтарын бақылайды және оларды талқылауға қатысады. | Орта білім беру ұйымының тәлімгері мен басқа да педагогтерінің сабақтары мен оны талқылау | Бір оқу жылы ішінде айына кем дегенде үш сабақ |
| 9 | Тәлімгер мен жас маманның ынтымақтастығының аралық нәтижелерін бағалау | Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің отырыстарында өз жұмыстарын ұсынады. | Оқу тоқсандарының соңындағы күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезеңдерінде және оқу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жылының соңғы аптасында |
| 10 | Кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу | Педагогтің сабақтарына талдау жүргізіледі. | Айына 2 реттен кем емес |
| 11 | Сынып жетекшілер үшін міндетті құжаттарды бірлесіп толтыру | Мемлекеттік қызмет көрсетудегі міндетті құжаттар | Жыл бойы |
| 12 | Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту | ҚР БжҒМ №№338 бұйрығынан бастап, ҚР Заңдары, кодекстері, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары, мемлекеттік бағдарламалар мен даму стратегиялары және өзге де нормативтік құқықтық актілер | Қыркүйек-қазан |
| 13 | «Жас маманнан – кәсіби мамандыққа» мектепішілік біліктілікті арттыру курсы | Гимназия әкімшілігі мен тәжірибелі,үздік, түрлі деңгейдегі байқаулар мен сайыс жеңімпаздары болып табылатын педагогтер, жоба және бағдарламалардың авторларының дәріс/практикумдары өткізіледі. | Оқу тоқсандарының соңындағы күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезеңдерінде |
| 14 | 2023-2024 оқу жылының қорытынды педагогикалық кеңесінде тәлімгер мен жас маманның қорытынды есебі | Тәлімгерлік жоспары мен ҚР БжҒМ-нің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының, орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығының орындалуы бойынша оқу жылына тәлімгерлікті ұйымдастыру есебі педагогикалық кеңесте тыңдалады. | Оқу жылының 36-шы оқу аптасы |

# 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАС МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| № | Қызмет мазмұны | Жұмыс нысаны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Білім беру ұйымының басшысымен жас мамандардың оқу жылының басталуына орай кездесуі | Еркін форматтағы кездесу, сұхбат құру, ойталқы | Қыркүйек |
| 2 | Гимназияның даму бағдарламасы, жаңа оқу жылының оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру семинары | Гимназияның даму бағдарламасы, 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру | Қыркүйек айының 2-аптасы |
| 3 | Көңілді тимбилдинг | Жас мамандар арасында кәсіби бейімделуге бағытталған командалық ойындар, танымдық бағдарламалар, жағымды психологиялық ахуал тудыру | Қыркүйек айының 4-аптасы |
| 4 | «Ата-аналар мен мұғалім одағы» тәжірибелік сыныптан тыс іс-шара | Жас мамандар ата-аналармен бірлесе мектепішілік әртүрлі бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырады. | Қазан |
| 5 | «Жас маманнан – кәсіби мамандыққа» мектепішілік біліктілікті арттыру курсы | Гимназия әкімшілігі мен тәжірибелі,үздік, түрлі деңгейдегі байқаулар мен сайыс жеңімпаздары болып табылатын педагогтер, жоба және бағдарламалардың авторларының дәріс/практикумдары өткізіледі. Курстың әрбір кезеңін сәтті аяқтаған жас мамандарға сертификат табысталады. | Оқу тоқсандарының соңындағы күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезеңдерінде |
| 6 | Қалалық семинарларға жас мамандарды жіберу және өзара үйренгенімен бөлісу | Мастер-класс, педаукцион, педагогикалық ойын ұйымдастыру | Қараша |
| 7 | Ілияс Есенберлиннің бір прозасын оқу | READx форматында оқыған шығармасын баяндау, оқырмандарды осы шығарманы оқуға шақыру | Желтоқсан-10 қаңтар аралығы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Оқушылармен танымдық ойындар, педагогикалық жобаларды бірлесе жобалау, іске асыру | Оқушыларды білімге шақыру, қызығушылығын ояту, білім берудің жаңаша әдіс-тәсілдерін ойлап табу, құндылыққа баулу бағытындағы жобалар | Қаңтар-наурыз |
| 9 | Педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын жас мамандар арасында «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» II гимназияішілік педагогикалық олимпиадасы | Педагогикалық байқаудың жеңімпазы аудандық кезеңге жолдама алады. Гимназия намысын жаңаша педагогикалық идеямен қорғауға қабілетті талантты жас маман анықталады. | Сәуір |
| 10 | «Ұстаздықтың жаңа толқыны» қалалық семинары | Жас мамандардың оқу жылы бойындағы атқарған жұмысы қала көлемінде таратылады, қорытындыланады. | Мамыр |